

## Полтава ауылдық округінің Мәжит жайлауы аумағында карантин белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Полтава селолық округі әкімінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 8 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 қаңтарда № 3752 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Полтава ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Полтава ауылдық округі әкімінің 22.04.2016 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 12 қарашадағы № 232 ұсынысы негізінде Полтава ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малынан қарасан ауруының пайда болуына байланысты, Полтава ауылдық округінің Мәжит жайлауы аумағында карантин белгіленсін.
2. Осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етуді өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Полтава ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*А. Таужанов*